



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

Бекітемін / Утверждаю
АқД жөніндегі проректор /
Проректор по АР

Курганбаева
«*Курганбаева*» 2016




П-03.2-13-2016
«Академиялық адалдығы үшін»
берілетін награда туралы ереже /
Положение о награде
«За академическую честность»

01 басылым / издание 01

Алматы, 2016

*Осы құжатты «Алматы Менеджмент Университет» БМ-нің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірмесін жасауға, басып шығаруға және таратуға болмайды /
Настоящий документ не может полностью или частично воспроизводиться, тиражироваться и распространяться без письменного разрешения УО «Алматы Менеджмент Университет»*

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	<i>07.09.2016</i> 01 басылым издание 01	8 беттің 2- беті / стр. 2 из 8
---	--	---	--------------------------------------

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Алматы Менеджмент Университеті» Білім беру Мекемесінің (әрі қарай – «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ, Университет) «Академиялық адалдығы үшін» атағына жыл сайын конкурс ұйымдастыру және өткізу тәртібін, конкурстық іріктеу өлшемдерін айқындайды.

1.2. Ұғым және терминдер

Академиялық адалдық – білім беру және ғылыми қызметтің барлық түрін жүргізудегі адалдық, оқыту мен бағалауда жеке адалдығын дамытатын құндылықтар мен қағидалардың жиынтығы.

Ғалым – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын әрі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізетін жеке адам («Ғылым туралы» ҚР Заңы).

Ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс («Ғылым туралы» ҚР Заңы).

Автор – ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша жұмыс жасайтын жеке адам. Авторлық жеке-дара және ұжымдық болуы мүмкін.

Ғылыми этикет – ғылыми қызметтің этикалық қағидаларына негізделген және қолайлы ғылыми жұмыс үшін қажет болатын кәсіптік қызмет ережелерінің жиынтығы.

1.3. Конкурс жеңімпаздарын анықтау, осы ережені сақтау және жеңімпаздарды марапаттау рәсімін жүргізу үшін Ректор бұйрығы бойынша Жұмыс тобы құрылады.

1.4. Конкурсты жүргізу бастамасын көтерген «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ.

1.5. Жеңімпаздарды қаржыландыруды және осы конкурсты жүргізудегі ұйымдық шығындарды «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ көтереді.

1.6. Конкурс өткен күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет жүргізіледі.

1.7. Конкурсқа қатысатын үміткерлер Жұмыс тобымен іріктеледі.

1.8. Осы Ереженің орындалуын бақылау Ректорға жүктеледі.

2. Мақсаты мен міндеттері


2.1. Конкурс мақсаты – өзінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау мәселесінде ғылыми этиканың талаптарын сақтаған Қазақстан Республикасының ғалымдарын марапаттау.

2.2. Конкурс міндеттері:

- оқытушы мен ғалымның міндетті моральдік және кәсіптік қағидалары ретінде академиялық адалдықты ілгерілету;
- халықаралық талаптарға сәйкес ПОҚ және білім алушылар арасында ғылыми жарияланымдар мәдениетін дамыту;
- ПОҚ ғылыми қызметінің беделін арттыру;
- «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ-ін ғылыми этиканың талаптарын сақтаушы ретінде Қазақстанда және шетелде көрсету;
- Қазақстан Республикасының көрнекті ғалымдары еңбектерін елімізде және шетелде көрсету.

3. Функциясы

3.1. Ғылыми және білім беру қызметіндегі академиялық адалдық қағидаларын дамыту мен ілгерілетуге арналған орта жасау.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	<i>27.02.2016</i> 01 басылым издание 01	8 беттің 3- беті / стр. 3 из 8
---	--	---	--------------------------------------

3.2. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі ғылыми қызметтің этикалық нормаларын, ғылыми жарияланымдар мәдениетін дамыту.

3.3. Зерттеушілер арасында ақпарат алмасу, еңбектерін өзара бағалау, жаңа білімді тарату мақсатында ғылыми байланыстарды дамыту.

3.4. Ғылыми жарияланымдар этикасын дамыту, атап айтқанда:

3.4.1. Мақала авторлары жүргізген зерттеулерінің нақты нәтижелерін беруі тиіс. Біле тұра қателескен немесе бұрмаланып бекіту қолайсыз.

3.4.2. Фрагменттерді шеттен алып пайдалану немесе бекіту автор мен алғашқы пайдалану көздерін міндетті көрсету арқылы ресімделуі тиіс. Сілтемелерді ресімдеу мемлекеттік стандартпен (МСТ 7.1-2003. «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптары мен құрастыру ережесі». Мәскеу, 2004; МСТ (Қосымша 2; МСТ 7.32-2001 Ғылыми-зерттеу жұмыс туралы есеп. Құрылымы және ресімдеу ережесі. – Минск: Стандартизациялау, метрология және сертификация жөніндегі мемлекет аралық кеңес, 2001. – 19 б. - (Ақпараттық, кітапханалық және баспалық істер бойынша стандарттар жүйесі) белгіленген дәйектеме ережесіне немесе ғылыми жұмыстарды ресімдеудің халықаралық ережесіне сәйкес болуы тиіс.

3.4.3. Плагиаттың барлық түрін, ресімделмеген дәйек сөздер, астарлау, басқаның зерттеу нәтижесі құқығын иеленуге болмайды.

3.4.4. Дәйектеме ережесі бойынша ресімделсе де шамадан тыс шеттен алып пайдалануға болмайды.

3.4.5. Зерттеуді жүргізуге айтарлықтай үлес қосқан барлық тұлға қосалқы автор ретінде көрсетілуі тиіс. Қосалқы авторлар арасына зерттеуге қатыспағандарды қосуға болмайды.

4. Қызметті жүзеге асыру тәртібі

4.1. «Академиялық адалдығы үшін» наградасына үміткерлерді іріктеу үшін және Конкурсты жүргізуге «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ-нің Ғылым басқармасы қызметкерлерінің арасынан Жұмыс тобы құрылады.

4.2. Наградаға үміткерлерді іріктеу – жекелей алғанда, ҚР Білім және ғылым Министрлігіне қарасты білім беру және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің ресми веб-сайтында жарияланған бұйрықтардан, ашық ақпарат көздерінен алынған ақпаратты талдау негізінде жүргізіледі.

4.3. Наградаға алудан үміткер келесі өлшемдерге сай болуы тиіс:


– Профессор ғылыми атағы төмендегі талаптар бойынша тағайындалады:

- ✓ Томсон Рейтер (ISI web of Science, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда 3 мақаласының болуы <http://control.edu.gov.kz/ru/pravila-prisvoeniya-uchenyh-zvaniy-associrovannyy-professor-docent-professor-0>;
- ✓ жұмыстарының рейтингісі жоқ, алаяқтық (фәйктік) басылымдарда болмауы, Джеффри Билла <https://scholarlyoa.com.tiziminde> белгіленген басылымдар Тізімінде.

4.4. Ғылыми жұмыстарды жариялау фактісі Томсон Рейтер (ISI Web of Science, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасы бойынша Жұмыс тобы мүшелерімен тексеріледі.

4.5. «Академиялық адалдығы үшін» наградасына кандидатуралар тізімі Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі Проректорға (әрі қарай – ҒжСД проректоры), Ректорға марапаттау рәсімін өткізуге дейін 1 айдан кешіктірмей беріледі.

4.6. «Академиялық адалдығы үшін» наградасына кандидатуралар тізімі Ректормен бекітіледі.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	<i>07.09.2016</i> 01 басылым издание 01	8 беттің 4- беті / стр. 4 из 8
---	--	---	--------------------------------------

4.7. Жұмыс тобы жеңімпаздарға конкурс нәтижесі туралы хабарлайды және оларға «Академиялық адалдығы үшін» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысуға ресми шақырту жібереді.


4.8. Алматы қаласына марапаттау рәсіміне қала маңынан келетін жеңімпаздардың жол шығынын жұмыс беруші – ұйымдар немесе жеңімпаздардың өздері көтереді.

5. «Академиялық адалдығы үшін» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастыру

5.1. Жеңімпаздарды наградтау рәсімі «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ-нің жыл сайынғы маңызды ісшаралары аясында – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, журналистерді марапаттау рәсімі және т.б. аясында жүргізіледі.

5.2. Конкурс жеңімпаздарына бағалы сыйлық – «Академиялық адалдығы үшін» сөздері жазылған, жеңімпаздың толық аты-жөні, марапаттау рәсімі орны мен уақыты көрсетілген хрусталь стела беріледі. Жеңімпазға бағалы сыйлықпен қатар «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ Ректоры қол қойған диплом беріледі.

5.3. «Академиялық адалдығы үшін» конкурсының жеңімпаздары туралы ақпарат жоғары оқу орындары арасында, Қазақстанда және шетелде ғылыми қоғамдастықпен, БАҚ-та кең түрде таралады.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	<i>07.09.2016</i> 01 басылым издание 01	8 беттің 5- беті / стр. 5 из 8
---	--	---	--------------------------------------

1. Общие положения

1.1. Настоящее положение определяет порядок организации и проведения ежегодного конкурса на звание «За академическую честность» Учреждения Образования «Алматы Менеджмент Университет» (далее – УО «Алматы Менеджмент Университет», Университет) и критерии конкурсного отбора.

1.2. Понятия и термины

Академическая честность – честность в проведении всех видов образовательной и научной деятельности, совокупность ценностей и принципов, которые развивают личную честность в обучении и оценивании.

Ученый – лицо, осуществляющее научные исследования и получающее результаты научной и (или) научно-технической деятельности (Закон РК «О науке»).

Научно-исследовательская работа – работа, связанная с научным поиском, проведением исследований, экспериментов в целях расширения имеющихся и получения новых знаний, проверки научных гипотез, установления закономерностей развития природы и общества, научного обобщения, научного обоснования проектов (Закон РК «О науке»).

Автор – лицо, создавшее работу по результатам научного исследования. Авторство может быть единоличным и коллективным.

Научный этикет – набор правил профессиональной деятельности и поведения, которые основываются на этических принципах научной деятельности и необходимы для благоприятной научной работы.

1.3. Для определения победителей конкурса, соблюдения настоящего положения и проведения церемонии награждения победителей создается Рабочая группа, согласно приказу Ректора.

1.4. Инициатива проведения данного Конкурса исходит всецело от УО «Алматы Менеджмент Университет».

1.5. Финансирование победителей и организационные расходы на проведение данного конкурса несет УО «Алматы Менеджмент Университет».

1.6. Конкурс проводится один раз в год, по итогам прошедшего календарного года.

1.7. Кандидатуры на участие в конкурсе отбираются Рабочей группой.


1.8. Контроль за исполнением данного Положения возлагается на Ректора.

2. Цели и задачи

2.1. Цель конкурса – поощрение ученых Республики Казахстан, соблюдающих требования научной этики в вопросах публикации результатов своей научно-исследовательской работы.

2.2. Задачи конкурса:

- продвижение академической честности как обязательного морального и профессионального принципа преподавателя и ученого;
- развитие среди ППС и обучающихся культуры научных публикаций в соответствии с международными требованиями;
- повышение престижа научной деятельности ППС;
- позиционирование УО «Алматы Менеджмент Университет» в Казахстане и за рубежом как организации, соблюдающей требования научной этики;
- продвижение заслуг выдающихся ученых Республики Казахстан в стране и за рубежом.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	<i>ЕП ДР 2016</i> 01 басылым издание 01	8 беттің 6- беті / стр. 6 из 8
---	--	---	--------------------------------------

3. Функции

3.1. Создание среды для развития и продвижения принципов академической честности в научной и образовательной деятельности.

3.2. Развитие культуры научных публикаций, этических норм научной деятельности в системе высшего образования Республики Казахстан.

3.3. Развитие научных контактов с целью обмена информацией между исследователями, взаимной оценкой трудов, распространения новых знаний.

3.4. Развитие этики научных публикаций, а именно:

3.4.1. Авторы статьи должны предоставлять достоверные результаты проведенных исследований. Заведомо ошибочные или сфальсифицированные утверждения неприемлемы.

3.4.2. Заимствованные фрагменты или утверждения должны быть оформлены с обязательным указанием автора и первоисточника. Оформление ссылок должно соответствовать правилам цитирования, установленным государственным стандартом (ГОСТ 7.1-2003. «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Москва, 2004; ГОСТ 7.1-84: Библиографическое описание документа. Общие требования и правила составления (с дополнениями и изменениями) (Приложение 2. Библиографические ссылки, библиографическое описание в прикнижных и пристатейных библиографических списках); ГОСТ 7.32-2001 Отчет о научно-исследовательской работе. Структура и правила оформления. – Минск: Межгосударственный совет по стандартизации, метрологии и сертификации, 2001. – 19 с. - (Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу) либо международным правилам оформления научных работ.

3.4.3. Плагиат в любых формах, включая неоформленные цитаты, перефразирование, присвоение прав на результаты чужих исследований, неприемлемы.

3.4.4. Чрезмерные заимствования, даже оформленные по правилам цитирования, неприемлемы.

3.4.5. Соавторами должны быть указаны все лица, внесшие существенный вклад в проведение исследования. Среди соавторов недопустимо указывать лиц, не участвовавших в исследовании.

4. Порядок осуществления деятельности


4.1. Для отбора кандидатур на награду «За академическую честность» и проведения Конкурса приказом Ректора создается Рабочая группа из числа сотрудников Управления науки УО «Алматы Менеджмент Университет» (не менее 2 человек).

4.2. Отбор кандидатур на награду проводится на основе анализа информации из открытых источников, в частности, приказов, опубликованных на официальном веб-сайте Комитета по контролю в сфере образования и науки (далее – ККСОН) Министерства науки и образования РК.

4.3. Лицо, номинируемое на награду, должно удовлетворять следующим критериям:

– Ученое звание профессора присваивается лицам при:

- ✓ наличии 3 научных статей в международных рецензируемых научных журналах, имеющих по данным информационной базы компании Томсон Рейтер (ISI web of Science, Thomson Reuters) ненулевой импакт-фактор <http://control.edu.gov.kz/ru/pravila-prisvoeniya-uchenyh-zvaniy-associirovannyu-professor-docent-professor-0>;
- ✓ отсутствии опубликованных работ в нереيتينговых, мошеннических (фэйковых) изданиях, отмеченных в т.н. Списке Джеффри Билла <https://scholarlyoa.com>.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	07.05.2016 01 басылым издание 01	8 беттің 7- беті / стр. 7 из 8
---	--	--	--------------------------------------

4.4. Факт опубликования научных работ проверяется членами Рабочей группы по информационной базе компании Томсон Рейтер (ISI Web of Science, Thomson Reuters).

4.5. Список кандидатур на награду «За академическую честность» предоставляется Ректору не позднее, чем за 1 месяц до проведения церемонии награждения.

4.6. Список кандидатур на награду «За академическую честность» утверждается Ректором.

4.7. Рабочая группа информирует победителей о результатах конкурса и отправляет им официальное приглашение принять участие в церемонии награждения победителей конкурса «За академическую честность».

4.8. Расходы по проезду иногородних победителей конкурса в г. Алматы для участия в церемонии награждения победителей несут организации – работодатели победителей либо сами победители.


5. Организация церемонии награждения победителей конкурса «За академическую честность»

5.1. Церемония награждения победителей проводится в рамках ежегодного значимого мероприятия УО «Алматы Менеджмент Университет» – международной научно-практической конференции, церемонии награждения журналистов и т.д.


5.2. Победителям конкурса вручается ценный приз – хрустальная стела со словами «За академическую честность» с указанием фамилии, имени, отчества победителя, места и времени проведения церемонии. Наряду с ценным призом победителю вручается диплом, подписанный Ректором УО «Алматы Менеджмент Университет».

5.3. Информация о победителях конкурса «За академическую честность» широко распространяется в СМИ, среди вузов, научной общественности РК и за рубежом.



Дайындаған / Разработано
 ГБ директоры / Директор УН



С. Шакирова

	ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	П-03.2-13-2016 «Академиялық адалдығы үшін» берілетін награда туралы ереже / Положение о награде «За академическую честность»	<u>07.09.2016</u> 01 басылым издание 01	8 беттің 8- беті / стр. 8 из 8
--	--	--	---	--------------------------------------

Келісу парағы / Лист согласования

№	Лауазымы Должность	Аты-жөні Ф.И.О.	Күні Дата	Қолы Подпись
1	2	3	4	5
1.	Ректор кеңсесінің жетекшісі / Руководитель офиса ректора	Нуранова Б.Ш.	<u>07.09.2016</u>	
2.	СМЖ бөлімінің бастығы / Начальник отдела СМК	Залучёнова О.М.	<u>06.09.2016</u>	
3.	Заң бөлімінің бастығы / Начальник юридического отдела	Акишев Б.А.	<u>05.09.2016</u>	